



Әрбір қаланың өзінің тарихы, өзінің өткені, қазіргісі және болашағы бар. Әлемде бірдей адам тағдыры болмайды, әрбір қаланың да өзінің қайталанбас тағдыры бар.

Павлодар – Қазақстан Республикасындағы қала, оның солтүстік-шығыс бөлігінде, ел астанасы Астана қаласынан солтүстік – шығысқа қарай 450 км және Ертіс өзеніндегі ресейлік Омбы қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 405 км жерде орналасқан.

Әкімшілік орталығы – Павлодар қаласы. Қалалық әкімдіктің аумағы 0,6 мың ш.км құрайды.

Қалалық әкімдіктің құрамына Павлодар қаласы, Ленин кенті, Кенжекөл ауылдық округы, Мойылды ауылы, Павлодарское ауылы кіреді. Қала Павлодар облысының орталық бөлігінде орналасқан. Қалалық әкімдіктің тұрғындары 2013 жылдың басына 345 763 адамды құрады. Павлодар қаласы 18 ғасырдың басында Ертіс әскери желісі бекінісінің (форпост) бірі ретінде пайда болған көне қала.

Бізге жеткен халық аңыздарында, Павлодар қаласы орналасқан жерде XVIII ғасырға дейін көшпелі тайпалар, оның ішінде қазақтар жаз уақытында киіз үйлерін орнатқан. Бірақ киіз үйлі қоныстың атауы болмаған және бірде-бір картада белгіленбеген.

Көз жеткенше тек дала, шексіз аспан және қолайсыз тік бөктері бар Ертіс. 1720 жылы қазіргі Павлодардың орнында казактар Коряков бекінісін (форпост), Коряков көлінде қазылатын тұз қоймаларының жанында тұрғызылғанына байланысты солай аталған, Ертіс қорғану желісінің бір бөлімі ретінде тұрғызған жерде табиғат көрінісі осындай болған шығар. Шамамен ол қазіргі қалалық құтқару станциясы және «Октябрь» зауыты маңында орналасқан. Сақталған құжаттар бойынша бекініс 50 де 50 метрлі шаршы түрінде, бөрене шарбақпен қоршалған, бұрыштарында артиллериялық батареясы бар қамалы болған. Ішкі жағында казармалар, сыртында – атқора және монша болған. Бекініс гарнизонында 48 адам болған.

25 жылдан кейін бекініс өзінің шекарасын кеңейтіп, гарнизон үлкейді, тұз өндіруге тағайындалған казактар үшін қосымша құрылыстар пайда болды. Тағы жиырма жылдан соң қызметтен кеткен драгундар мен солдаттарға бос жерлерге қоныстануға рұқсат берілді. Осы жерлерде тұз мекемесінің мердігерлері мен шенеуніктеріне де қоныстануға рұқсат етілді.

Павлодар тарихи-өлкетану мұражайында қызықты құжат бар – 1765 жылғы Коряков бекінісінің жоспары. Бекініс ішіндегі казармалардан, кеңседен, офицерлердің жатын бөлмелерінен және тұтанғыш заттар сақталатын орыннан басқа сыртында атқоралар, арбалы

керуенге арналған қоралар, тұз қамбасы, екі азық-түлік дүкендері белгіленген. Кеден жанындағы өзіндік қыстақтың шетінде – кабак. Ертістің жағасында – моншалар.

Атақты саяхатшы П.Палпас 1770 жылға жататын бекіністің сипатын қалдырды: «...Ертістегі барлық басқа бекіністерге қарағанда осында халық көп, құрылыстары жақсы. Бекініс тұрған дала биік және ашық, көлде жағымды орналасқан аралдар оның тұрған жеріне жайдарлылық береді... Тұз мекемесінің комиссары және тұзды жеткізуші мердігер тым жақсы үйлерде тұрады, «көшелерге» бөлінген кең ауылдар тұрғызылған».

XVIII ғасырдың екінші жартысында Ертіс қорғаны өзінің әскери-стратегиялық маңызын жоғалтты. Қорғандар мен бекіністер қарапайым ауылдар және станица бола бастады, оларда әйелдер мен балалар пайда болды. Коряков бекінісі Сібірдегі тұз өндіру орталықтарының біріне айналды.

1838 жылы ол Коряков станицасы болып өзгерді, Ямышевтен осында казак мектебі (Ленин көшесіндегі бұл ғимарат павлодарлық байырғы тұрғындардың есінде, бұрынғы № 1 мектеп) және полктік аурухана көшірілді.

Осы уақытта станица бастапқыдағы бекіністен өзен вокзалына қарай жайылды. Кеме жүретін үлкен өзеннің жағалауында станицаның тиімді орналасуы, қорғасын, мыс, күміс өңдеу дамыған округтермен көршілес болуы, сауда жолдарының көшпелі даламен айқасуы – барлық осы жағдайлар станицаның экономикалық дамуы үшін өте тиімді болған.

Саны жағынан көбейген көпестер қауымы XIX ғасырдың ортасынан бастап казак станицасының мәртебесін өзгертуді талап етеді, бұл оларға осы жерде өздерін қонақ емес қожа ретінде сезіну құқығын берді.

1861 жылы жергілікті көпестердің бастамасымен станица қала дәрежесіне көтерілді, оған жаңа туған князь Павелдың құрметіне орай Павлодар аты берілді. Қаланың ыңғайлы орналасуы, кемежайдың болуы, тұзды өнеркәсіптік өндіру – осының барлығы Павлодардың тез өсуіне әкелді. Даламен сауда-саттық жасау үлкен орын алды. Қаланы мекендеген көпестер қалаға жаңа көрініс берді, көптеген жаңа ағаш үйлер, шіркеулер, мешіт пайда болды. Осы ғимараттар Павлодар қаласының ескі бөлігін әлі күнге дейін сәндеп тұр.

Енді сәулетшілерде қалаға құрылыс салудың бас жоспары пайда болды – оның көшірмесі мұражайда сақтаулы. Жоспарда қаланың пайда болу тарихы анық көрсетілген: бұрынғы Коряков станицасы қаланың казак бөлігі ретінде қалды, ал жаңа құрылыстар негізінен мешандық солтүстік бөлігінде қарастырылған. Осы аудандар арасындағы шекара № 1 шолақ көшесі болды – қазіргі Луначарский көшесі, онда орыс драма театры тұр. Осы жердің 1865 жылға жататын сипаттамасы қалды: «Бес көше көбінесе ескі үйлерден құралған (казактардың бөлігі), кейде олардың арасынан әжептәуір келбетті үйлер кездеседі. Жаңа қала енді салынып жатыр. Ағаш шіркеуі орналасқан алаң, оның артындағы дүңгіршектер, сауда қатарлары – міне осының барлығы Павлодар»

Бірақ енді көпестік «элита» белсенді көтеріле бастады. Кірпіштерден сауда қатарлары, Деровтың сауда үйі (қазіргі уақытта мұражай), пошта-телеграф кеңсесі және басқа да көптеген кірпіш және ағаш үйлері, көпес үйлері, дүкендер, оқу орындары, шіркеулер бой көтерді. Бірте-бірте көпес капиталдары өсе бастады. Татар көпесі Ф.Рамазанов мешіт салды (қазірде жұмыс істейді), А.Деров өз ақшасына Владимир соборын салуда, базар алаңында ағаштан цирк-шапито тұрғызылуда.

Статистика көрсеткендей, 1904 жылы қалада 33 көше және 4 шолақ көше болған.

Құдықтардан және Ертістен сумен жабдықтау, жуынды-шайындыларды тасу бөшкелермен іске асырылды. Қалада көріктендіру мүлдем жоқ: төселген көшелер, жаяужолдар, көшелердегі электр жарығы, көлік жоқ. Өнеркәсіптік кәсіпорындардан – майдагерлік үлгідегі 10 фабрика және зауыт, көлөнершілер, бір қасапхана.

Елде 1917 жылғы қазандағы қоғамдық-экономикалық формацияның ауысуы қаланың архитектуралық келбетіне кенет өзгеріс әкелген жоқ. Бірақ Затон ауданында Куйбышев атындағы клубымен кеме жасау қалашығы және № 13 мектеп пайда болды. 1920-шы жылдары қазіргі локомотив депосы маңында теміржол вокзалына арналған жаңа ағаш ғимараты салынды. Ол өзімен ағаш сәулет өнерінің қызықты үлгісін ұсынған, социализм және қайта құру заманын көрді, бірақ капитализм мен нарық экономикасына шыдамай жеке қолға түсіп өртеніп кетті. 30-шы жылдары барлық павлодарлық шіркеулер мен мешіттер жойылды.

Шамамен 100 жылдан соң, тың игеру жылдары қала мәртебесін алған Павлодар өзінің тез дамуын бастан кешірді. Қаланың өнеркәсіптік орталыққа айналуы Павлодар қаласында Трактор және Алюминий зауыттарының құрылысымен байланысты. Бүгін Павлодар қаласы Павлодар облысының орталығы, Қазақстанның негізгі өнеркәсіптік орталықтарының бірі болып есептеледі.

Бірнеше уақыттан кейін, қалада «Север» қонақ үйі, аурухана қалашығы, құрылыс техникумы, «Қазақстан» қонақ үйі және партияның облыстық комитеті пайда болады. 1969 жылы «Казсевсельпроект» институты ұйымдастырылады, оның қызметкерлері қаланың архитектуралық безендірілуіне жұмыс істеді. Ірі құрылыстарды қаламен байланыстырған автобустардың жүйелі жүрісі ашылды. 1965 жылы тұңғыш трамвай жолы қолданысқа енгізілді. Зауыттардың есебінен бүкіл павлодарлық теміржол торабының қайта құрылуы орын алды.

20-шы ғасырдың басында Павлодар Ертіс бойындағы ең ірі қалалардың бірі болды. Павлодар – заманауи өнеркәсіптік және мәдени қала. Сібір «көпестік» стиліндегі ескі үйлер заманауи ғимараттармен жапсарласып тұр. Қазіргі Павлодар, қаланың батыс шекарасын құрайтын және оның сипатын анықтайтын Ертіс жағасында 16 км-ге созылған. Ертістің жасыл жағасы қала тұрғындары мен қонақтарын тартады. Осы жерден батысқа қарасақ, көз жеткенше тек дала, шексіз аспан және қолайсыз тік бөктері бар Ертіс.

Павлодар аумағы 267 ш.км құрайды. Павлодар Қазақстанның ірі өнеркәсіптік орталықтарының бірі болып табылады: осында әртүрлі салалық бағыттағы кәсіпорындар бар, мұнай өңдеу, машина жасау, құрылыс, энергетика, химиялық өнеркәсіп және металлургия. Бұдан басқа, шағын және орта бизнестің 7000 мыңға жуық кәсіпорындары азық-түлік және халық тұтынатын тауарларды өндіреді. 2003 жылдан бастап Ертісте жүк кеме шаруашылығы қайта жанданды.

Павлодарлықтар театрларға, мұражайларға, кітапханаларға, мәдени мекемелерге құлшыныспен барады. Қалада екі театр – Ж.Аймауытов атындағы облыстық қазақ музыкалық-драма театры, А.П.Чехов атындағы облыстық драма театры; 5 мұражай – Г.Н.Потанин атындағы облыстық өлкетану мұражайы, облыстық көркемөнер мұражайы, Бұхар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер мұражайы, П.Васильев атындағы мұражай үйі, Шафер үйі бар. Достық үйі қолданысқа берілді, мәдениеттің дамуына Естай атындағы қалалық Мәдениет сарайы, «Шаңырақ» облыстық халық шығармашылығы мен мәдени-сауық орталығы, «Космос» жастар үйі және басқа да мәдениет ошақтары үлкен үлес қосуда; 24 кітапхана, 3 кинотеатр жұмыс істейді.

239 жылдық тарихы бар қалада көптеген өзгерістер орын алды. Заманауи, жасыл және таза қала Қазақстан қалаларының ең әдемілерінің бірі болды.